

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтоған ауылы



ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы

Ортаңғы «Қошақан» тобы

Тақырыбы:

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тәрбиеші: *Исахова М.*



Тақырыбы: Ұлттық құндылықтар әлеміне саяхат

Сабақтың мақсаты: Ұлттық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, есептер шығаруға талпындыру, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу. Ойын үстінде балаларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ой-өрістерін, тіл байлығын дамыту. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды сабырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ұлттық оюлар, киіз үй, қоржын, асықтар, орамал, тенге, үлгі.

Жүргізуші: Армызысыздар құрметті қонақтар және кішкентай бүлдіршіндер! Бүгін біз «Ұлттық құндылықтар әлеміне саяхат» атты ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастаймыз. Сіздерді ерекше саяхатқа шақырамыз. Ендеше бәріміз саяхатқа аттанайық. Балалар ең алдымен шаттық шеңбер құрайық.

Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрамыз,

Шаңырақты көтеріп,

Керегені құрамыз.

Оқтай болып иіліп,

Киіз үйді құрамыз.



Жүргізуші: Жарайсындар балалар. Ал, балалар сендер ауылда тұрасындар.

Ауылда көптеген ұлттық ойындарды ойнап өсіп жатырсындар. Біздің ұлттық құндылықтарымыз бірнеше түрге бөлінеді.

Біздің салт-дәстүрлерімізді әдеп-ғұрыптарымызды айтанын болсақ, тұсау кесер, бесікке салу, қыз қуу.

Ұлттық ойындар: Арқан тарту, қанталапай, қыз қуу, алты бақан, тақия тастау т.б ойын түрлері бар.

Ұлттық киімдер: Камзол, шапан, сәукеле, етік, тақия

Ұлттық аспаптар: домбыра, шаңқобыз, дауылпаз. жетіген, сазсырнай
Ұлттық тағамдар: бесбармақ, бауырсақ, құрт, шелпек, қымыз, қазы.
Балалар, біз ұлттық құндылықтарымызбен танысып алдық.



Шығармашылық жұмыс: Балалар сендермен шығармашылық жұмысқа барсақ. Осы сендерге айтып өткен ұлттық құндылықтарды қаншалықты білетіндерінді көрейік. Қамшы өру, шаш өру түрлерімен жұмыс жасап көрсек.





Тәрбиеші: Жарайсындар балалар .

Тосын сәт: Сендер керемет жұмыс жасадыңдар. Енді шаршап қалған шығарсындар. ендерге тосын сәт келіп қалыпты, шаршауларыңды басатын.

Алқа - жұртым, той - думан,

Ортамызды ашайық.

Ән мен күйді төгіп біз,

Инжу маржан шашайық!- Сезім қызымыздың күйін тыңдасақ.



Тәрбиеші: Рахмет.

Балалар бір демалып алсақ, ұлттық ойындарымызды ойнасақ.

Арқан тарту — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі.

Ойын шарты: Бұл ойынды ойнау үшін, алдымен бес-алты ойыншы тартқанда үзілмейтін арқан және ортада тұратын тақтай болуы керек. Белгі бойынша сызықтан өтіп кетсе жеңіліп қалады.



Тәрбиеші: Жарайсындар балалар.

Келесі кезекте қанталапай ойына берсек. «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «хантаалапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.



«Қыз қуу» – қазақ халқының өте ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Халық арасында кең тараған қыз қуу ұлттық ат ойындары тобына жатады. Бұл ойын ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталған екен.

Ойын шарты : Жігіт қызды қуып жетіп алып қыздың бетінен сүйеді. Ал, қайтар жолда жігітті қыз қуып алып, жігітті қамшымен ұрады.



Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Сендер қазақтың ұлттық ойындарын жақсы ойнайды екенсіңдер.

Қорытынды:

Тәрбиеші: Ұлттық құндылық – біздің байлығымыз. Оны сақтау – әрқайсымыздың борышымыз!

Балалар бірге: Біз ұлттық құндылықтарды сақтаймыз! Сау болыңыздар.

Түркістан облысы
Келес ауданы
Көлтоған ауылы

Бекітемін

ЖШС «Али-Аяулым»

бөбекжай балабақша

менгерушісі



А. Тагаева
2025ж

ЖШС «Али-Аяулым» бөбекжай балабақшасы
Кіші «Балапан» топ

Тақырыбы:

"менің -Отаным Қазақстан"

(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)



Тәрбиеші: Амирзадаева Э

Шекеріңгі Ноф

2025ж

Тақырыбы: «Менің -Отаным Қазақстан»

Білім беру дағдысы: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сенсорика

Мақсаты: Қазақстанның кең- байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Презинет Қ.Ж.Тоқаев суреті, рәміздер бейнесі, слайд, буклеттер, қанатты сөздер.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету.
Ұйымдастыру кезеңі

Сәлем сөздің анасы

Сәлем берер әр қазақтың баласы

Сәлеметсіздер ме апайлар?

Ән ұран орындалады.



Шаттық шеңбері

Көк аспанда күн күлсін,
Бірге күлсін бүлдіршін.
Ұл қолында ту жүрсін,
Қыз қолында гүл жүрсін.
Көп аузынан түспейтін
Отан деген немене?
Оның тұлға, түс-кейпін,
Досың білгің келе ме?

Тәрбиеші: Балалар, біздің бүгінгі әңгімеміз Отан жайлы болмақ.

- «Отан» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Әр адамның өз Отаны болады.

- Отан ол біздің туған жеріміз, тұратын жеріміз, отбасымыз.
- Отан біздің атамекеніміз.
- Отан біздің табиғатымыз, айналамызды қоршаған орта.
- Біздің Отанымыз, еліміз өте бай, өте әдемі.
- Біздің Отанымыз- Қазақстан!

Әңгімелеу: Біздің Отанымыз - Қазақстан! Әлемде Қазақстан Республикасында дүниеге келген әрбір адам осы мемлекеттің азаматы болып саналады. Біздің еліміздің жері кең байтақ, пайдалы қазбаларға өте бай. Біздің бас қаламыз – Астана. Астана- жас қала. Онда түрлі әсем ғимараттар бой көтерген. «Бәйтерек» - Астананың символы. Әркімнің туып өскен жері - Отан деп аталады. Отан отбасынан басаталады. Біз Қазақстанда туып өстік.



Ол біздің – Отанымыз! Ендеше, балалар «Отаншыл болу отбасынан басталады» деген Б. Момышұлының қанатты сөзін ұстана отырып, бүгінгі жаңа оқу қызметімізде Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз.

Отан деген - атамекен,

Отан деген- туған жер.

Отан – ана,

Отан – үлкен

Қазақстан – туған ел!

Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.

2. Біз қандай Республикада өмір сүріп жатырмыз?
3. Қазақстан Республикасының президенті кім?
4. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?
5. Қазақстан Республикасының рәміздерін ата?

6. Туымыздың түсі қандай?
7. Біздің тұратын жеріміз қалай аталады?
8. Біздің балабақша қалай аталады?



Балалардың жауабы

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар өте тамаша жауап бердіңдер. сендер шаршаған боларсыңдар енді бір көңіл көтеріп серігіп алайық.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Жоғары-төмен қарайық.
Бойымызға күш жинап,
Бір секіріп алайық,
Секіріп-секіріп алайық,
Орнымызды табайық.



Тәрбиеші: Ал балалар енді мен сендермен бірге шығармашылық орталыққа барып ,бәріміз бірге өзіміздің отанымызды құрастырайық

Шығармашылық орталық

I-Топ балалары үлгі сурет қималардан Отанның суретін құрастыру.

II-Топ балалары тудың бейнесін шығару



Қорытындылау:

- Балалар, біз бүгін өзіміздің туған жеріміз, Отанымыз туралы әңгімеледік. Отанымыз- отбасымыз, өз ауылымыз, атамекеніміз екенін түсіндік.

- Біз отбасымызды, елімізді, жерімізді, Отанымызды мақтан тұтып, қадірлеп құрметтейміз. Біз осындай татулықты, бірлікті, бейбітшілікті сүйетін, Қазақстан елінде тұратынымызды мақтан етеміз.

Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау, мақтау.

Жүректен-жүрекке:

Балдай тәтті баламыз,
Ақылдымыз, данамыз.
Ойынменен өседі,
Ойымыз бен санамыз.
Қол ұстасып бәріміз,
Жарасады сәніміз.
Көріскенше күн жақсы,
Сау болыңдар апайлар!

